

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«ҒҮЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)
ББК 72я631
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)
ББК 72я431
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

6 – СЕКЦИЯ
ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: «Таптым-ау сені»)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	Максимова Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” (三体) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ
БЕЗОПАСНОСТЬ**

OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

«Азбаным» - азғындаған, бұзылған деген мағынада. Демек, автор молданы тек надан деп қоймай, дінді бұрмалап, өзінің жеке мақсаттарына пайдаланатын адам деп санайды.

Тыныс, үтір, сұрақты,
Тырнақшаны жалмадың.
Көтеруді сауатты,
Есіңе бір де алмадың.
Жасөспірім талантты,
Баладан кесір қалмадың.

Өлеңнің бұл шумақтарында молданы сауатсыздығы үшін қатты сынайды. Ол өзі ұстаз бола тұра, хаттағы тыныс белгілерін, сөзді жазу ережелерін сақтамай жазғанына қатты наразылық білдіреді. Сонымен қатар шәкірттерінің болашағына зиян келтіруде деп айыптайды.

«Арнаулы» - деген сөзінде,
Қос қате тұр салақтап.
Ақ түсті ме көзіңе,
Мыйыңды дерт аластап.

Автор бұл шумақта сол кездегі молдалардың көздегені- ақша табу, байлық жинау екенін айтады. Олардың рухани құндылықтарды ұмытып, тек материалдық пайданы ойлайтынына қынжылады. Автордың молдаға деген наразылығы мен реніші өлеңнің әр жолынан аңғарылып тұрады. Өлеңдегі ашу мен реніш – сауатсыздықтың салдарынан туындайтын қоғамдық мәселелерге деген жауап.

Осы өлеңді жазудағы автордың басты мақсаты сауатсыздықпен күресу, білім мен мәдениетті дәріптеу, ең бастысы- жастарды сауатсыздықтан, надандықтан қорғау. Бұл өлеңді жеке адамның басына айтылған сын деп емес, сол заманның қоғамдық мәселесі ретінде де қарастыруға да болады.

Қорытынды. XX ғасырдың басындағы демократтық-ағартушылық бағыттағы қазақ әдебиеті өкілдерінің шығармалары қазақ қоғамының дамуына зор үлесін қосты. Олардың шығармаларында қазақ тұрмысындағы ескілік қалдықтары, надандық, әлеуметтік теңсіздік, ескі әдет-ғұрыптар сыналды. Ағартушы-демократтар халықты оятуға, білімге ұмтылуға, жаңа қоғам құруға шақырды. Олардың идеялары қазіргі кезде де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Мектеп, 2005.
3. Нұрғали Р. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 2001
4. Ахмет Байтұрсынов. Әдебиеттанушы
5. Қолжазба. Шаймардан Торайғыров.

ӘОЖ 14.09.5

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жақсыбаева Нұрдана

nurdana.zhaqsybaeva01@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«БВ01717 – В016 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау»

мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі – ф. ғ.к., проф. Байтанасова.Қ.М.

Аңдатпа. Білім беру жүйесіндегі түрлі тенденциялар жаңа инновациялық технологиялар негізінде жүзеге асады. Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану оқыту мен тәрбие формаларына оң әсерін тигізеді.

Мақалада білім беру технологияларының рөлі, оқытудың нәтижелігін арттыру жолдары, жаңа әдіс-тәсілдерді сабақ барысына кіріктірудің маңызы қарастырылады. Сонымен бірге, білім сапасын арттыруда жаңа технологиялардың әсері, артықшылықтары мен кемшіліктері, ғалым Қ.Бітібаеваның білім беру технологияларына қатысты әдістемелік еңбектері, оқушылардың білімге деген қызығушылығын оятуды қуаттайтын жаңа технология түрлері талқыланады. Мақала білім беру саласындағы мамандарға, оқытушыларға арналған.

Кілт сөздер: білім беру, инновация, білім беру технологиялары, әдіс-тәсіл, жасанды интеллект

Аннотация: В современной системе образования наблюдается различные тенденции, реализуемые на основе новых инновационных технологий. Эффективное применение новых технологических методов оказывает положительное влияние на формы обучения и воспитания.

В статье рассматривается роль образовательных технологий, способы повышения эффективности обучения, а также значение внедрения новых методов в учебный процесс. Наряду с этим обсуждается влияние новых технологий на повышение качества образования, их преимущества и недостатки, методические труды ученого К.Битибайевой, посвященные образовательным технологиям, и новые виды технологий, способствующие пробуждению интереса учащихся к знаниям. Статья предназначена для специалистов и преподавателей в сфере образования.

Ключевые слова: образование, инновации, образовательные технологии, методы, искусственный интеллект

Abstract: In the modern educational system, various trends are observed, implemented on the basis of new innovative technologies. The effective application of new technological methods has a positive impact on the forms of teaching and upbringing.

The article examines the role of educational technologies, ways to improve the effectiveness of teaching, and the importance of introducing new methods into the educational process. In addition, it discusses the impact of new technologies on improving the quality of education, their advantages and disadvantages, the methodological works of scientist K.Bitibayeva dedicated to educational technologies, and new types of technologies that promote the awakening of students interest in knowledge. The article is intended for specialists and educators in the field of education.

Keywords: education, innovation, educational technologies, methods, artificial intelligence.

Жаңа технологиялардың дамуы қай аспектіде де өзінің басымдығын көрсетіп келеді. Оған дәлел қоғамдағы маңызды экономика, медицина, мемлекеттік істер, білім секілді салалардың қолжетімді, сапалы әрі қолайлы қызметтерге көшуі. Білім саласы жаңа технологиялардың келуімен сан түрлі өзгерістерге ұшырап, дамушы спектрге айналды. Инновациялық технологиялардың келуі білім ордалары мен ондағы оқытушылар мен білім алушылар арасында, сабақ барысында белсенділікті арттырды. Келешектегі білім беру жүйесі де болжам бойынша осы қарқынмен жалғасып отыратын болса жаңа технологияларға едәуір тәуелді болмақ. Мектептерден бөлек университеттермен мен өзге де жоғары оқу орындары осы өзгерістермен қатар жүруі тиіс.

Технология – білім беруді көп қырынан қамтамасыз етіп, түрлендіре алатын қуатты құрал. Оның ішінде, оқытушылар мен студенттердің ақпаратқа қол жеткізуін, бірлескен оқуға қатысуын және академиялық ресурстармен кез келген жерде, кез келген уақытта байланыс орнатуын жеңілдететін басты рөлді атқарады.

Жаңа технологиялар мен түрлі стратегиялар оқу бағдарламасымен бір толқында жүзеге асырылуы тиіс. Бұның өзі зерттеуді, сараптауды қажет ететін педагогика ғылымындағы өзекті мәселеге айналды. Осы мәселеге қатысты отандық бірқатар тәжірибелі мамандар, педагогтер мен сарапшылардың бірқатар еңбектері жарық көрді. Педагогика саласында тың ізденістерге барған, жаңа түрдегі сабақтар өткізген сондай білікті алғашқы педагогтердің бірі, ұстаздар үшін жазылған бірнеше әдістеменің авторы, әдебиетті оқыту ғылымына үлкен үлесін тигізген ғалым – Қ.О.Бітібаева.

Әдіскер Қанипа Бітібаева кеңестік кезеңнен кейінгі елімізде кенжелеп қалған педагогика саласына тың өзгерістер мен оқыту тәсілдері, әдістері қажет екендігін бағдарлап, осы салада нәтижелі зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ғалымның басты мақсаты қазақ мектебінің дамып, тез заман көшіне ілесіп кетуіне аянбай еңбек ету болды. Әрі бұның бірден-бір алғышарты ана тілі мен әдебиетін оқытудан бастау қажет екендігін айқын байқады. Қанипа Омарғалиқызы өз әдістемелерінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың өнімді жолдарын, сабақ беру ісіне қосылуы қажет инновациялық технологияларды және оларды қалай тиімді қолдану қажеттігін ашып көрсеткен. Әдіскер-зерттеушінің «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» (1990), «Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері» (1994), «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту» (1996), «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (2003), «Технология. Ізденіс. Тәжірибе» (2004), «Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу жолдары» (2007), «Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту» (2008), «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы», «Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы: өңделіп, толықтырылып, екінші басылуы» (2011), «Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. 5-11 – сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал» (2012), «Абай мен Әуезов үндестігін оқытудың технологиясы (үдерісі)» және т.б. еңбектері мектеп мұғалімдері мен ЖОО оқытушылары және студенттер арасында жетекші қолданыстағы құралға айналып отыр. Ғалымның жалпы саны 41 кітабы мен 8000 мыңнан астам дидактикалық, әдістемелік мақалалары мен көрнекіліктері қазақ педагогикасын байытты.

Жаңа технология термині бізге соңғы бір-екі жылда ғана белгілі болған жоқ. Бұл технологиялардың бар екендігін, олардың маңызын әдіскер-ғалым сонау 90-жылдардан бастап өзінің іргелі зерттеулерінде атап көрсетіп, тәжірибе барысында іске асырған. Соның нәтижесінде әдебиетті оқыту әдістемесіне бірқатар тың дүниелер енгізді. Олар:

- Қазақ әдебиетін шетел әдебиетімен өзара сабақтастықта оқыту;
- Әдебиетті адам жаны, болмысын ашатын құрал ретінде оқыту;
- Әдебиетті «Ой тастау, ойланту, ойлау» атты «ұстаз бен шәкірт» субъектілерінің кезектесіп әрекет ету нәтижесінде құрылған технологиямен оқыту;

Ұстаз үнемі қай ортада болмасын ұлт менталитетін құру білім беруден, тәрбиеден басталатындығын айта келіп, ұрпаққа тәрбие берудің қонымды жолы сабақ барысында ұтымды, нақты бағыттарды қолдана алуда деп өз замандас достарына, білім саласында еңбек етіп жүрген әрбір маманға үлкен міндет екендігін еске салып отырған.

Тәрбие мен білім қатал жүйе, ол формаға салып оқыту кезінде емес, баланың қызығушылығын сақтай отырып, орныққан дәстүрмен жеткізу кезінде берілетіндігін оның мына бір сөзі дәлелдейді: «Даланың даналарын «тірілтіп», оларды жас ұрпақпен қауыштыруға еңбектендім. Асан болып, халқыма «Жерұйық» іздеп, қайғырып, Махамбет болып, «Ереуіл атқа ер салып», оның азаттық жырларының «Қызғыш құсына» айналдым».

Сонымен қатар, ғалым мұғалімдерге оқыту технологияларын шебер де ұтымды қолдану керектігін әр әдістемесінде алға тарта келіп, олардың әдіс-тәсілдермен жұмыс барысында жиі жіберілетін қателіктерінің бірі – дағдыланған әдіс-тәсілден ауытқымай, сабақтың негізгі мақсатына да қарамай, әр сабақ, әр тапсырма сайын үйреншікті тәсілдерді қолдануында екендігін тілге тиек етеді. Ғалымның көпжылдық тәжірибеден кейінгі тұжырымы бойынша, үйреншікті әдіс-тәсіл мұғалімнің өзі үшін қолайлы, әрі жемісті болуы мүмкін. Бұл жағынан сабақ ұтымды

өткенмен, әдіс-тәсілдердің қайталана беруі оқушылар үшін тиімді білім алуды қамтамасыз етеді деу жаңсақтық. Оқу-тәрбие жұмыстарының қай саласы болмасын бір өзі үлкен нәтижеге алып шығатын әдіс-тәсіл болмайды. Сондықтан, мұғалімнің алдында тек әдіс-тәсілді меңгеру міндеті ғана емес, «Қай әдісті қай сабақта, қай кезеңде қолданамын?», «Тақырыпқа үйлесімді ме?», «Сабақтың мазмұнын айқын аша ала ма?», «Оқушының сабақты игеруіне сай ма?» деген сауалдарға жауап беру шарты да қатар тұрады. Мысалы, бір сабақта тиімді болған әдіс-тәсілдің екінші сабақта пайдасын тигізуі көп жағдайда мүмкін емес. Себебі, оқушылардың таным белсенділігі, ойлау қызметі әр кезеңде әртүрлі жұмыс жасайды. Мысалы, проблемалық оқыту технологиясын алып қарастырайық. Оқушының өз бетінше ізденіп, жұмыс жасауын бақылауға, әрі танымдық, шығармашылық түрдегі зерттеу әдісіне бағытталған тапсырмаларды орындатуда қолайлы. Бірақ, проблемалық оқыту кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдерді күнделікті сабақ беруде қолдану қажеттілігі әркез бола бермейді. Өтілуі тиіс тақырыптардың арасында проблемалық жағдаяттарды мүлдем талап етпейтіндері де кездеседі. Белсенділігі төмен, білім дәрежесі орташа не төмен сыныпқа проблемалық оқытуды кез-келген сабақта қолдана беруге әсте болмайды. Сабаққа ынтаның жоқтығы не төмендігі белсенділіктің де аз болуына әкелетіндігі белгілі. Белсенділіктің жоқтығы күрделі мәселелерді, тұжырымдарды талқылаған кезде оқуға деген құлшынысы төмен адам үшін өте күрделі соғып, іздеу деңгейін бәсеңдетіп тастайды. Ал бұл жұмыстың өнімділік деңгейінің кемуіне әсер ететіндігі анық. Сол себепті, проблемалық оқытуды өтетін тақырып қиын болмаған кезде, оқушының өзі берілген тапсырманы өз деңгейінде шеше алатындай болғанда ғана басшылыққа алу тиімді.

Келесі бір әдіс түрі - көрнекілік әдісі. Әдебиетті оқытуда белсенді қолданыста жүрген әдістердің бірі. Көрнекілік әдісі тақырыпты оқушылардың тез игеруіне, есте сақтау қабілетін жақсартуға, ойлау қабілеттерін дамытуға, теориялық білімді практикамен байланыстыра алуына жәрдемдеседі. Бірақ көрнекілік әдісін асыра көп яғни үнемі қолдану оқушылардың өзіндік ой-тұжырымдама жасауына, мидың іздену функциясын атқаруына кедергі келтіреді. Ал бұның салдары оқыған нәрсесінен тұшымды ой қорытып айтып бере алмау, әдеби тілде шебер сөйлей алмау сынды оқу белсенділігін түсіретін нәтижелерге әкеледі.

Кей тұстарда екі әдіс-тәсілді бір сабақта үйлестіру қажет кездер болады. Мысалы, практикалық әдіс пен көрнекілік әдісі. Бұл екі әдістің негізгі мақсаты алған білімді жетілдіру, бекіту. Сонымен бірге, ұсынылған қос әдістің екеуі де оқушыларға әр кез жаңашыл дүние беруде пайдалы болғаны үшін мұндай сабақтар оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасын арттырады. Екі әдісте іске асып, өнімділік деңгейі сақталуы үшін әзірлік деңгейі де жоғары болуы қажет.

Пікірді қорыта келсек, сабақ процесін кешеуілдетіп, өнімділігін түсіріп жіберетін фактордың бірі осы әдіс-тәсілдерді пайдалануды дұрыс басқармау. Тиімділік идеясына сәйкес үйреншікті бір әдіс-тәсілмен әр сабақ сайын жұмыс жасау мұғалім үшін шеберлік деңгейін төмендетіп жіберсе, бірсарындылық оқушыны білім алу процесінен тез жалықтырады.

Тиімділік идеясы оқыту әдістерін сабақтың мақсатына, оқу мақсатына, тақырыбына, сыныптың деңгейіне сай үйлестіре, үйлесімде әрі әдіс-тәсілдерді үнемі бірлікте тандауды қолдайды.

Z және альфа өкілдерінен құралған «цифрлық буын» аталатын ұрпақ күнделікті өмірде цифрлық технологияларды жоғары деңгейде қолданатындықтан, соған сәйкес «интерактивті әрі дараландырылған оқыту формаларымен» оқыту үлгілеріне қажеттілігімен ерекшеленеді. Ғаламтор мен смартфонға, әлеуметтік желіге және өзге де цифрлық қажеттілікпен өскен бұл буын өкілдерінің талаптарына дәстүрлі білім беру формалары жауап бере алмайды. Мысалы, дәстүрлі форма бұрын дәрістер мен ақпараттарды жаттап алуға бейімдесе, қазіргі білім беру бағдарламасы бойынша ақпаратты оқушыларға интерактивті, қызықты, дараландырылған етіп әртүрлі технологиялардың көмегімен беру негізгі талап болып есептеледі. Бұл жердегі негізгі мақсат

білім беру бағдарламаларының оқушының жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сай бағытталуын қамтамасыз етуі. Білім берудің жаңа жүйесінің тағы бір жаңашылдығы, артықшылығы осында.

Осыған байланысты білім беру жүйесі соңғы жылдары аса жоғары қарқынмен дамуды бастан өткеруде. Цифрлы ұрпақтың қажеттіліктерін онлайн платформалардың көмегімен өтеу білім беру орындарында оқу процесін біраз жеңілдетті. Zoom, Google Classroom, Moodle сынды цифрлық құралдар дәстүрлі және қашықтан білім беру сынды гибридтік моделдерді қамтамасыз ете алды. Сонымен қатар, түрлі виртуалды ойын элементтерін білім беру бағдарламаларына енгізу – білім алушының оқуға деген құлшынысын арттырды.

Соңғы бір жылда тез дамып келе жатқан технологияның бірі, көп мүмкіндіктерге ие - жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану. Жасанды интеллект білім беру саласына елеулі әсер етіп, мұғалімдердің жұмысын түрлендіруге мүмкіндік береді. Тақырыпқа сай көрнекіліктерді тез әрі сапалы етіп жасауда жасанды интеллектті қолдану дағдыны арттырады. Мысалы, ResearchGate, EdSurge, OpenAI Scholar сынды сайттарда білім беруге қажетті көптеген көмекші ресурстарды табуға болады [3]. Ұстаздардың көпшілігі үшін жасанды интеллект жаңа тақырыпқа көрнекілік жасауда, кері байланысқа арналған түрлі интербелсенді тақтаның көмегімен орындалатын тапсырмаларды құруда уақыт жағынан тиімді, әрі креативті тың дүние.

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру саласында бірқатар функциялардың қызметін жеңілдетуде біраз артықшылықтарға ие. Бұл технология жұмысты жеңілдетіп қана қоймай, жұмыстың сапасын арттыруға, уақытты тиімді басқарып, оқу процесін оңтайлы етуге, сонымен қатар оқытушылардың кәсібилігін арттыруға жәрдемдеседі. Сабакқа қажетті ресурстарды жинақтап беру, тапсырмаларды тексеру сынды жұмыстарда да автоматтандырылған жүйенің көмегі оқыту процесін біраз жеңілдетеді. ЖИ-дің артықшылықтарына және кемшіліктеріне тоқталып өтер болсақ:

Жасанды интеллектінің оқытушы үшін артықшылықтары:

1. **Оқу материалдарын жетілдіру:** жасанды интеллектінің оқытушылар үшін ең негізгі артықшылығы бұл ұстаздардың бір уақытта бірнеше көрнекілік әзірлеуге, қызықты интерактивті дүниелер дайындауына, әртүрлі түсіндіру презентацияларын тез құруына, бейнематериал әзірлеуіне мүмкіндік алуы;
2. **Кері байланыс:** Дайын нақты жауаптар арқылы жұмысты тексеріп, әрбір оқушы не студентке кері байланыс беруге көмектеседі және кері байланысты алушының өзінің жұмысымен толық танысып, қателерін тез түсініп, дұрыстауға, одан әрі жұмысын дамытуына әсер етеді.
3. **Тиімділік:** оқушылардың немесе студенттердің оқу үлгерімін бақылап, әрбір тұлғаға жеке - жеке талдау жасауға және олардың деңгейлерін жетілдіруге жәрдемдесетін амал-тәсілдерді ұсынады.
4. **Әртүрлілік:** Жасанды интеллект ұсынатын пайдалы платформалар саны күннен-күнге көбеюде. Мысалы, тек дереккөз іздеуге арналған платформа, сызба-пішін құрып беретін платформа, сурет құрып беруге арналған платформа, презентация жасап беретін платформа, анализ жасап беретін платформа және тағы да осы секілді аталмыш платформалар адамзаттың пайдасына қарай іске асуда. Осы тұста жасанды интеллектінің тағы бір артықшылығын ескеріп өтер болсақ, жасанды интеллектінің google, Yandex сынды браузерлерден артықшылығы қазақ тілінде сапалы, жүйелі, нақты әрі сауатты дүниелер ұсынуында. Демек, жасанды интеллектінің расымен де, бізге ұсынары көп. Әсіресе, ұстаздар қауымы әлі де білуі керек, игеруі керек дүниелер жеткілікті.

Қазіргі таңда жасанды интеллектіні ұстаздар арасында жас буын өкілдері көбірек қолдануда. Бүгінгі буын өкілдеріне күнделікті болып жатқан толассыз өзгерістер мен түрлі

ақпараттар легі жаңашылдықтарды игеру барысында қиыншылықтар туғызатындығы байқалады. Жасанды интеллектінің көмегімен АКТ құралдарымен жасалатын істерді еркін әрі тез, сапалы меңгеру арқылы алдыңғы буын ұстаздар денсаулыққа тиімсіз, әрі жағымсыз әсер ететін факторлардан өзін сақтандыра алады. Жасанды интеллект платформаларының көбінде алгоритмдер ұқсас қызмет атқарады. Яғни, ЖИмен жұмыс жасау айтарлықтай қиындық тудырмайды. Ескеру керек дүние бұл ЖИмен жұмыс жасағанда промптты дұрыс қолдана алу. Prompt – бұл компьютерге немесе арнайы ЖИ платформаларында қандай іс-әрекет жасау керек екендігін сауатты, сапалы жеткізу. Қысқаша әрі нақты айтқанда бұл адамның сұранысы. Сұранысты дұрыс құру – сәтті «prompt»-ты ұсыну. Жасанды интеллектіні қолдануда көп адамның жіберетін қателіктерінің бірі осы промптты жалпылай құру және соның салдарынан қажетті нәтижеге жете алмау.

Жасанды интеллекттің артықшылықтары мен қатар кемшіліктері де барын естен шығармауға тиіспіз. Робот адамның сезімі, еңбегі сияқты адамзаттық факторларды ешқашан ауыстыра алмайтындығы белгілі. Жасанды интеллекті жасанды білімді құруға емес, жасанды интеллект технологияны еркін игеруге, уақытты тиімді басқаруға, тақырыпты ашуға қажет креативті дүниелерді жан-жақты тауып, қосымша ізденіске бағытталған көмекші ретінде жұмыс жасайды.

Сонымен, жаңа технологиялық оқытуды сабақ барысына енгізу оқушының пәнге бейімделуін жеңілдетеді. Қажетті әдіс-тәсілдерді қолдану бұл оқушылардың белгілі бір ілімді меңгерудегі қызығушылығын оятып қана қоймайды, сонымен бірге олардың жеке тұлғалық таным-қабілеттерін арттыруын негізгі нысанға алады. Себебі, оқушы мектепте білім, дағды, құзіреттілік және өз бетінше әрекет ету тәжірибесі арқылы біртұтас ахуалды тұрақтандыруы тиіс. Жаңа технологиялық оқыту кірістірілген әдебиет сабағы оқушыға әлемді, қоғамды түрлі қырынан танып бастауға көмектеседі, адами құндылықтарды сіңіріп, көркем сөздің қасиетін, қырын, сырын меңгеруге, әдемі сөйлеуге, ойын тиянақты жеткізуге, сұлулыққа үйретеді және ең бастысы оқушылардың шығармашылық қабілетін, креативтілік дағдыларын дамытуына мол мүмкіндіктер береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы. Бірінші кітап. 5-11 – сынып мұғалімдеріне арналған әдістемелік құрал / Қ.О.Бітібаева. Бірінші кітап. – Алматы: «Дәуір-Кітап» баспасы, 2012. -314 б.
2. Бітібаева Қ. / Әдебиетті оқытудың инновациялық әдістемесі мен технологиясы: өңделіп, толықтырылып, екінші басылуы. – Астана: «Дарын», 2011. -271 б.
3. <https://elibrary.ru/item.asp?id=54770099>
4. Жоламанова Т.М. Жаңа педагогикалық технологиялар: оқу құралы. – Қарағанды: Ақнұр, 2018. -208 б.

ӘОЖ 17.01.11

ЖҮРСІН ЕРМАН АРНАУ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Төребаева Асыл Оразбекқызы

torebaeva.assyl@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Қазақ тілі мен әдбиеті» білім беру

бағдарламасының магистранты

Ғылыми жетекшісі – филол.ғ.к., қауым. проф. Қ.Р. Кемеңгер